

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы («Қоғам») осымен өзінің акционерлерін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесі 2016 жылдың 13 сәуірінде 10 сағат 30 минутта Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй, 1201 конференц-зал мекен-жайы (Қоғамның атқарушы органының мекен-жайы) бойынша мынадай күн тәртібімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылдағаны туралы хабардар етеді:

- 1) Директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау;
- 2) Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімін айқындау;
- 3) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау;
- 4) Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өздерінің міндеттемелерін орындағаны үшін сыйақылар төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау.

Акционерлерді тіркеудің басталу уақыты – 2016 жылдың 13 сәуірі 09 сағат 30 минут.

Акционерлерді тіркеудің аяқталу уақыты – 10 сағат 15 минут.

Кворум болмаған жағдайда акционердің қайталама кезектен тыс жалпы жиналысы осы күн тәртібімен осы мекен-жай бойынша 2016 жылдың 14 сәуірінде 10 сағат 30 минутта болады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізімі жасалатын күні мен уақыты – 2016 жылдың 14 наурызы 23 сағат 59 минут.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы бойынша материалдармен Қоғамның ғимаратында жиналыс өткізілетін күннен 10 күн бұрын: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 13-ші қабат, 1313 кабинет мекен-жайы бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, сондай-ақ с www.kmgep.kz сайтында танысуға болады.